ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Алматы ақшамы

«Лениншіл жасқа»—70 жыл

Наурыздың 22-сі күні республикалық жастар газеті «Лениншіл жастың» шыға бастағанына 70 жыл толады. Шыңдалу кезеңінен, өсу баспалдағынан өткен танымал басылым бұл күнде жастар өмірінің шын мәнісіндегі айнасына айналып отыр. Мерейтой қарсаңында біз әдеттегі марапат мақаладан гөрі бір кезде осы шаңырақта еңбек етіп, тер төккен газет түлектерінің сұхбатын жариялағанды жөн көрдік.

„Көктемім — қимас өткенім...“



Жанат
ЕЛШІБЕКОВ
«Социалистік Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы, СССР Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.

Жақау
ДӘУРЕНБЕКОВ
«Өнер» баспасы бас редакторының орынбасары, СССР Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.

СЫР-СҰХБАТ

Ж. ЕЛШІБЕКОВ: — Баяғыда жол жүріп келген адамнан көргеніңді айтасың ба, жоқ әлде естігеніңді айтасың ба деп қолқа салып, кеуілді сауал тастайды екен. Жақында ғана Мәскеуде өткен СССР журналистерінің VII съезіне өзің делегат болып қатысып қайттың, енді сол жақтағы жайлардан айта отырсаң. Қазір өзі бұрқыраған газеттерден аяқ алып жүргісіз. Үлкенді-кішілі басылымдардың атын атап, түрін түстеуден жаңылатын да, жалығатын да болдық. Несін жасырамыз, әуелде іздеп жүріп, таласып оқитын жаңа газеттеріміз жарысып жазған сенсацияларын тауысып алғандай. Қаптың түбін қаққаннан соң не қалушы еді? Әрине, кәкір-шүкір, жүн-жұрқа... Осының кейпін киген, кезінде қолдан әр нөмірін екі-үш сомнан әрең сатып алатын әлгі газеттерің киоскілерде тау-тау болып үйіліп жатыр. Мұның өзі журналистикаға да, журналистерге де үлкен сын. Өзі бұл съезд екі-үш мәрте кейінге сырғытылып барып зорға ашылды ғой. Сондағы журналистердің жиналғандағы айтпағы не екен? Байыпты басқосу болды ма, жоқ әлде?.. Нендей бәтуаға тоқайластыңдар?..

Ж. ДӘУРЕНБЕКОВ: — Рас айтасың, Мәскеу түгілі жаңа газеттер көктемгі бәйшешектей өзімізде де қаптап кетті емес пе? Баспа жағы қағаз жоқ деп қалтасындағы тиын-тебенін қайта-қайта есептеп жатқанда, екінің бірі қаламын ұштап газет шығаруға айналды. Сондықтан да осы съезде у-шу боп тарап тынатын шығармыз деп қорқақтап барғанымыз рас. Жүзбе-жүз сөйлесе келгенде бәрі айқындалды. Қоғамдаспаса, жеке дара тірлікпен күн көре алмайтының әркім-ақ сезе бастаған екен. Одағымыз конфедерациялық негізде қалды.

Жұрттың бәрінің бірдей жанын ауыртып отырған жай — қағаз мәселесі. Қағаз жетіспейді, талантты журналистер кооперативтерге, жарнамалық басылымдарға кетіп жатыр. Журналистер одағының қолында шынайы материалдық билік аз, техникалық жағынан жабдықталуы өте мүшкіл... Түрлі газеттер мен басылымдар саны шұғыл өскен. Мәселен, СССР Мемлекеттік баспасөз комитетіне биылдың өзіне 1500 газет-журнал, РСФСР комитетіне 600 газет-журнал, Моссоветке — 2500 газет-журнал тіркеліпті. Мұның 200-ден астамы жеке иеліктердің басылымдары көрінеді. Бұл Ненашов жолдастың айтқан деректері. Бір қызығы, жаңадан ашылған белгісіз газет-журнал қағаз тауып жатыр да, байырғы басылымдар тапшылық көруде. Осынау көкейкесті мәселелер төңірегінде журналистер съезінде көп айтылды.

Ж. Е.:— Иә, қалай болғанда да қалың оқырман өзінің сүйікті газеттерінен әлі ажырай қойған жоқ. Бүгінгі оқырманның өресі де, талғамы да биік. Оларды арзанқол дүниемен алдаусырата алмайсың. Өзіңе белгілі, нарық экономикасына ең бірінші сүңгіген де газет-журналдар болды ғой. Баспасөзге жазылу әрі күрделі, әрі қиын жағдайда жүргізілгені белгілі. Бірақ, сүйікті газетіміз кейбір басылымдар тәрізді нарық тұңғиығына сүңгігенімен, батып кетпеді. Демек, бұл — жазғаныңның, газет бетіндегі сөзіңнің қорғасындай бағаланғаны. Өзінің 70 жылдығына беделі мен салмағын жоғалтпай жетіп отырған «Лениншіл жастың» қадірі де осылайша бағаланса керек.

Ж. Д: — Баспасөзге жазылудың әр онкүндік қорытындысын үнемі қадағалап жүрдім. Сөзіңнің жаны бар. «Лениншіл жастың» қазақ баспасөзіндегі орны бөлек. Жетпіс жыл — жетпіс том шежіре. Оны ешкім жоққа шығара алмайды.

Ж. Е.:— Тіпті, арыға бармай-ақ өзіміз қызмет істеген, өзіміз куә болған жетпіс пен сексеннің арасындағы тұтас бір онжылдық кезеңді алсақ та жатқан бір сырлы дүние, таусылмайтын ғажайып бір күндер секілді. Мүмкін, оның бәрі алау жастық шағыңның ең қызықты, ең маңызды жылдары өткен «Ленжасқа» жай газет деп емес, өскен-өнген ұям, ыстық шаңырағым деп қарағаннан болар?

Ж. Д.:— Өмір бәрін жаңғыртады, жасартады, өсіреді. Оны осы жастар газетінің мысалынан-ақ көптеп келтіруге болады ғой.

Ж. Е.:— Әрине, біз істеп жүрген кезде «Лениншіл жастың» редакциясы Коммунистік проспектісі № 63 үйде орналасқан еді. Қазіргі Жібек жолы проспектісінің қиылысындағы Денсаулық сақтау министрлігі ғимаратының үшінші қабатындағы аядай төрт-бес бөлмеде журналистер сығылысып төрттен, бестен, тіпті үлкен жалғыз бөлмеде алты адам отыратын. Редактордың кабинеті алдындағы қабылдау бөлмесінде хатшы қызбен бірге секретариаттың үш жігіті, сосын суретші отырады. Бүгінгі күнмен, қазіргі жағдаймен салыстыру еш мүмкін емес. Секретариаттың жігіттері жаяулап көкбазардың жанындағы баспаханаға күніне он барып, он келетін. Біресе «досыл», біресе «штрих», біресе «запас» деп жүгіріп жүргені. Қазіргідей орныңнан түрегелмей-ақ түймесін баса салып қалаған нүктеңе жөнелтіп жіберетін пневмопочта қайда? Жігіттер болса шынтақ түйістіріп отырып хат қорытып, командировкадан алып келген материалдарын жайып тастап, очерктері мен мақалаларын боратып жазып жататын.

Ал Бибіхан апай бастаған бес-алты машинистка қыздар отырған бөлме бейне майдан алаңын елестететін. Үздіксіз тарс-тұрс, тарс-тұрс... Сол кездегі қыздарымыздың жүйкесінің мықтысы-ай! Фототілшіміз Съез Бәсібеков пен екінші суретшіміз Бағдат Момбековтың жұмыс орындарына екі адам қатар бас сұға алмайтын...

Ж. Д.:— Апыр-ай, осындай жағдайда отырып жігіттер қалай өндіріп жұмыс жасаған? Шет жағасын көрдік. Бәрінен бұрын «Лениншіл жас» дегенде адам өзінің жастық шағын еске түсіреді екен. Осынау қасиетті шаңырақтың қабырғасында толқын-толқын ұрпақтың — жиырма мен отыздың арасындағы қылшылдаған жас жігіттер мен өрімталдай қыздар еңбек еткен. Олар бойындағы бар жақсылығын, қолдан келген ісін, қажыр-қайратын, ұйқысыз түндері мен мазасыз күндерін сүйікті газетіне арнапты. Соған қайыл болып барыпты. Редактор жұмысқа аларда: «Үй сұрамайтын болсаң, аламын» дегенде жүрегі лүпілдеп келген жас журналист бәріне пейіл еді. Үй сұрамайтын ешқайсысы. Әуелгі кезде тіпті, ойламайтын еді-ау пәтер дегенді. Тек осы бір қасиетті шаңырақта жұмыс істесем өлмеспін деген үкілі үміт, ғажайып сенім жататын жүректерде.

Үй демекші, сол кездегі газет редакторының орынбасары Болат Бодаубаевта да үй жоқ-ты. Есімі республикаға танымал журналист екінші теміржол вокзалының арғы бетіндегі Сексеуіл базасының жанында пәтер жалдап тұратын. Газеттің кезекшілері «сигнальный» нөмірді Бөкеңе алып барғанда ол газетті сырттағы көше шырағының жарығымен, әйтпесе, ай жарығымен (үй иесі шам жағуға он бірден кейін рұқсат етпейтін) қарап қол қоятын. Сол ай жарығында қол қойылған «Лениншіл жас» ертеңіне 300 мың дана боп самолеттерде, поездарда, автобустарда оқырмандарға асығыс жол тартып бара жататын...

Ж. Е.:— Сөзің аузыңда, қызметке адам алу жайын сездіріп қалдың ғой. Газетке кадр тарту мәселесі де көп ретте жас журналистің қалам қарымы мен қабілетіне қарап шешілетін еді. Алпысыншы жылдардың аяғында редактордың орынбасары Қалағаңның (Қалдарбек Найманбаев) бір күнде университет бітірмекші төрт жігітті бос тұрған екі орынға жарты ставкадан жұмысқа алып, тура сол күні егін орағына командировкаға жібергені әлі есімде. «Осы сапардан әдемі очерк жазып келсеңдер қызметте тұрақты қаласыңдар!». Қауырсын қалам үшін бұдан артық емтихан болмас, сірә! Тәжірибелі қаламгер ешқайсысының бет-жүзіне қараған жоқ, керісінше олардың қалам сілтесіне қарады, шалымына сенді. Уақыт Қалдарбек ағаның қателеспегенін көрсетті. Осындай жауапты сыннан кезінде Жарасқан Әбдірашев. Сейтқазы Досымов, Ырым Кененбаев, Құрманғазы Мұстафин, Сағат Әшімбаев, Мағира Қожахметова, Жарылқап Бейсенбаев сияқты қаламының желі бар журналистер де сүрінбей өтті. Олар «Лениншіл жас» оқырмандарына белді де беделді журналистер ретінде өз есімдерін айрықша таныта білді. Қазір бұлардың барлығы да қарымды қаламгерлер, алдының оннан астам, ал соңының бес-алты, кітабы бар белгілі авторлар.

Бізден сәл бұрын редакторымыз Шерағаңның — Шерхан Мұртазаевтың сонау Алтайдан Оралхан Бөкеевтің өзіндік қолтаңбасын жалғыз көркем очеркінен-ақ жазбай танығанын, сөйтіп оны аппаратқа қызметке шақыртып алғанынан хабардар едік. Мұның өзі тек Шерағаңа тән ұстаздық тамаша қасиеттің алғашқы жарқылы екен-ау. Бұл күнде оның қамқор алақанын көрген қаламгерлердің өзі бірнеше буынға ұласып отырғаны көпке аян.

Әрине, тамыр-таныстықпен, жоғарыдан соғылған телефонның күшімен жұмысқа алынғандары да ұшырасты. Бірақ, олардың ешқайсысы «Ленжаста» табан тіреп тұрақтай алған жоқ. Ең ұзағаны бір жыл ғана істеді. Бірде-бір очерк жазбай кеткендері де болды. Ғажабы сол, шыңдалмаған қаламға жебеушілік жүрмейді екен...

Ж. Д.: — Менің де көкейімдегіні дөп басып отырсың. Әлгінде «бірде-бір очерк жазбағандар болды» дедің. Бұл өлшем, бұл бағаң өте орынды секілді. «Лениншіл жасқа» тән бір ерекшеліктің өзі де осы очерк екенін айтпай кетуге болмас. Жетпісінші жылдары оның бетінде лирикалық көркем очерктер бұрқырап көрінді. Шынын айту керек, осы очерктер газеттің көркі болатын. Жеңіл оқылатын қасиетімен баурайтын очерктерге негізінен адамның көңіл-күйін, жан сезімін, табиғат аясындағы орнын, қоғамдық қатынастардағы ролін мөлдіретіп жеткізу, тіл көркемдігі, стильдік ерекшеліктердің алуан қырлылығы тән болып келетін.

Осынау талап тұрғысынан қарасақ қалың оқырманның жүректеріне жол тауып жатар небір көркем очерктердің авторларын атай кеткеннің еш артықтығы жоқ-ау. Олар — Фариза Оңғарсынова, Оралхан Бөкеев, Әнес Сараев, Ақселеу Сейдімбеков, Кәдірбек Сегізбаев, Серік Әбдірайымов, Кеңшілік Мырзабеков, Сейтқазы Досымов, Ырым Кененбаев, Мағира Қожахметова, Орысбай Әбділдаев... Қай-қайсысының да очерктері көркем әңгімедей оқылатын. Олардан көктемнің исі, жастықтың бұла бұлқынысы, замандастардың демі, даланың желі, қырдың лебі есіп тұратын.

Ж. Е.: —Өзің айтып отырған очерктердің аттары да өзіне еріксіз тартып тұратын. Сүйсініп оқыған «Ұйқым келмейді», «Шағалалар мен шағылдар», «Құба жонда қар жатыр», «Өмір деген тамаша ғой, бауырым», «Он алты мен он сегіздің арасы», «Мұзмоншақ» т. б. секілді очерктердің тақырыптары есімде өшпестей сақталып қалыпты. Ал бұлардың иелерін өзің де сезіп отырған шығарсың. Біріміздің біріміз жарыса оқып, жарыса жазушы едік.

Ж. Д.: — Иә, жақсы дүние ұмытылмайды. Қалай десек те, жетпісінші жылдар очерктердің жұлдызы жанған кез еді ғой. Сенің «Шағалалар жылай ма, осы?» деген очеркің де Сейдахмет аға болмағанда «сол уақыттың рухына сай емес» деп тақырыбы өзгертіліп, мазмұны сүзіліп шығатыны сөзсіз еді.

Ж. Е.: — Әңгімеңді бөлейін, бәрібір осы оптимистік очеркімнің тақырыбы 1977 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Серт» жинағында «Шағалалар жырлай ма, осы?» деп өзгертіліп жіберілді. Цензура жібермей қойыпты. Тақырыпты да, ішіндегі сөздерді де «жырлайды» деп орынсыз өздерінше сүргілепті. Кітап шыққаннан кейін барып көрдім. Ал Жеңістің 30 жылдығы қарсаңында генерал Сабыр Рахимовтың жұбайы Құралай Натуллаева туралы жазған «От кешкен күндер» атты очеркім үшін үлкен үйге — Орталық Комитеттің бөліміне түсінік беруге тура келді. Бұл очерк «Қазақстан» баспасынан шығып жатқан кітаптан ең соңғы сәтте қырқылып тасталды. Бар айып Рахимовты Шымкент облысының Ленин ауданында туған (ол уақытта «қазақ» деп те айта алмадық қой) дегеніміз ғана...

Ж. Д.: — Қай газеттің болсын өзіндік бет-бейнесі, дара келбеті онда істейтін журналистердің қалам қарымына қатысты. Ойды, идеяны айта алушылық бір бөлек те, оны жүзеге асыра білу мәселенің екінші жағы. Сондықтан бәріне мұрындық болар, шығармашылық коллективке айрықша күш-қуат энергиясын беріп отыратын «генератор» дейміз бе, әйтеуір тізгінбасы керек-ақ. Газеттің сипаты мен салмағы, мазмұны мен мәні тікелей басшысына байланысты дейтін ойдың түп-астары міне, осыдан туындаса керек.

Ж. Е: — Сөз жоқ. Мықты басшы бар жерде — мықты коллектив бар. Арыға бармай-ақ өзіміз білетін, өзімізге таныс жайларға жүгінсек те жеткілікті. Осы орайда, творчестволық қызметіне, басқару стиліне, журналистік әлеміне әбден қанық Шерағаң мен Сәкең тәрізді қаламгер-журналистер есімдерін қалай айтсақ та лайықты, біртуар редакторлар. Бұл кісілер «Лениншіл жастың» дәуірлеу кезеңдерін жүргізіп, өшпес қолтаңбаларын қалдырған, газеттің қайталанбас бет-бейнесін жасаған жайсаңдар.

Реті келгенде айтайын, осы күні жақсы нәрсені көре тұра көрмеген болуға, дұрыс нәрсені біле тұра білмеген болуға бейімделіп алғандаймыз. Қимаймыз ба? Кімнен? Не үшін? Ал келеңсіздік жолында кейде беттің арын белбеуге түйіп шыға келетініміз тағы бар. Осыдан арыламыз ба екенбіз, әй қайдам? Ойды ой қозғайды. Айтпасаң сөз өледі деген ғой. Мұртазаев мектебі, Бердіқұлов мектебі дейтін уақыт әлдеқашан жетті. Асыра сөйлегендік емес, ақиқатына бойлау — бұл. Ғажабы, бұл мектептердің бір-бірінен өзгешелігі бар. Бірін бірі әсте қайталамайды да.

Егер шындықтың бетіне тура қарай алсақ, жоғарыдағы қос редактордың тезін көрген, бүкіл творчествосына тегеурінді тұғыр болған «Лениншіл жастың» мұзбалағы Бөкеев мектебі дейтін де кез келді. Біле білсек, бүгінгі жариялылық заманында көкейіміздегіні ашық та анық білдіргеніміз жөн-ау.

Ж. Д.: — Қазір қайта құру деп жатырмыз ғой. Соның арқасында тоң болып сіресіп жатқан тақырыптардың көбесі сөгіліп, біз білмейтін көлеңке жағы — қара құлыптағы деректер де аршылып, айтылып, ақиқаттың айдарынан жел есіп тұр деуге болады. Газет-журналдар бәрін жарыса жазуда. Оқырманға бас алмай оқып, алай-дүлей сезімге бөлейтін, ашындыратын, өкіндіретін материалдарды бірінен соң бірін түйдек-түйдегімен ұсынып жатыр. Бәрі дұрыс. Тек өткеннің бәрін сыпыра сызып тастауға ұмтылушылық көңілге кірбің әкеледі. Тегі бұл да уақытша бу болар. Әйтпесе, қазіргі кейбір ең көкейкесті материалдар деп жүрген дүниелерді бұдан бірнеше жылдар бұрын жастар газеті қопарып жазбаса да бірінші болып бастағанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Нағыз ұшқыр қаламды журналист — «Лениншіл жас» сияқты қабілет-мүмкіндігі күшті коллектив, шығармашылық топ қай уақытта да қиын, хауіпті тақырыптардан айналып өтпеген. Қалайда қисынын келтіріп жазудың жолын, ретін тауып отырған. Жастар газетінің ерекшелігі де сол болатын.

Айталық, қазір халқымыздың ұлттық мейрамы ретінде өмірімізге қайта оралған Наурыз тойын ол кезде атамақ түгілі ауызға алудың өзі қиын екені баршаға мәлім. Дәл осы жайды жастар газеті кезінде қалай шешкен деңіз.

Ж. Е: — Шындығында көзге ыстық көрінетін нөмір ғой. Кәне, төрт бетке көз жүгіртелік.

Ж. Д: — Міне, 1971 жылғы 25 март күнгі жасыл бояулы нөмірдің айдары: «Армысың, армандай ару көктем!». «Бәйшешек» атты шағын публицистика беріліп, ақын Мұқағали Мақатаевтың нөмірдің беташары болған «Ей, менің шуақ көктемім!» — деген ақ жаңбырдай адуын жырынан үзінді келтірелік:

— Ей, менің шуақ көктемім!
Көктемім — қимас өткенім.
Ей, менің қиын өткелім,
Қиналмай қалай өткемін!?
Қалай да қалай кеткемін!?
Қырыққа қалай жеткемін?!
Саялы бақты бөктерім,
Саяңнан кетем деп пе едім?!
Ей, менің қиын өткелім,
Қуанышым да көп менің,
Өкінішім де көп менің...

Бұл өзі көлемді жыр, он алты мен жиырма бес жастағыларға арналған бүкіл нөмірдің кілті іспетті екен.

Ал осы нөмірдің, осылардың бәрінің тоқ-етер түйіні «Наурыз» деген тақырыппен берілген толғау-түйін көзге оттай басылады. Бұдан да үзінді келтіре кетейін:

«Уа, халайық! Ұлы істің ұлы күнінде бәр-біріңізді құшағыма қысып көктемгі мерекелеріңмен, Жаңа жылдарыңызбен құттықтасам да артық емес еді. Әттең құшақ жетпейді.

Уа, халайық! Ұлы істің ұлы күнінде мен бір қызға ғашық болуым, һәм оны мәңгі бақи аялап өтуім де артық емес еді. Әттең, басқасы бар...

Уа, халайық! Ұлы істің ұлы күнінде Наурыз көжені көксегенім рас еді, әттең, қайнатып берер анам алыста...

Уа, халайық, менің қолымнан бір-ақ нәрсе келіп тұр, риза бол. Ұлы істің ұлы күні құтты болсын! Ақ көп, уайым жоқ болсын! Мұны айтып отырған, тіпті де, осынау жолдардың иесі емес, жо-жоқ, бұл ақ тілектің авторы он алты мен жиырма бестің арасындағы қыз-жігіттер. Ал қағазға түсірген жиырма бестен асқан мен, О. Дәулетов».

Бұл — өзіміздің Оралхан. Бүркеншік фамилиясы. Міне, Наурызға арналған тұңғыш нөмірді — көктем нөмірі деп бергеніміздің бірден-бір айғағы. Газет содан бері жасыл бояумен Көктем нөмірін шығару дәстүрін ешқашан бұзған емес. Әлі күнге дейін...

Ж. Е: — Есіңде ме, ұмыт болған, бұрмаланып жазылып жүрген жер-су атаулары мен орынсыз өзгертіліп жіберілген елді-мекендердің, қалалардың аттарын қайтарып беру жөніндегі проблемалық мақалалар да сол кезден бастап көтерілген. Қазіргідей айғайлап жату, шырылдап жазу қайда? Сөйтсе де өзекті өртеген өткір ойларды ұрымтал жеткізудің жолдары іздестірілді. Бұл ретте «Туған жер», «Атамекен», «Мүшәйра» айдарларына, «Лениншіл жастың» археологиялық «Күмбез» және «Саят» клубтарына зіл-батпан жүк артылғаны аян. Осы айдарлардың аясында жарық көрген материалдардың кез-келгені бүгінгі күнмен үндесіп жатқандай.

Ж. Д: — Зерделеп отырсақ, «Ақтаңдақтар» тақырыбы да сол кезде қылаң бере бастаған секілді. Айталық, қуғын-сүргінге (репрессияға) ұшыраған комсомол жетекшілері туралы көлемді материалдар жүйелі беріліп тұратын. Әсіресе, бұл салада архив материалдарына тұңғыш үңілген журналист Сейілхан Асқаровтың еңбегі ерекше. Ол талай-талай тың деректердің қатпарлы қыртыстарын ашты, ал оларын бет-бет етіп жастар газеті қорықпай басты. Ғани Мұратбаев, Шақпақ Артықбаев, Нақысбек Тіленшиев, Шәріп Өтепов, Жүсіпбек Арыстановтар жайлы жазылған небір құнды да өткір материалдар сол кездің үлесіне тиеді. Шығыстың қос жұлдызы Мәншүк пен Әлияға қатысты көпшілік біле бермейтін соны деректерді бірінші болып жариялаған да «Ленжас». Тұмылдырығы алынбаған айнала-төңірегіңе екі шоқып, бір қараған тұсаулы шақтың өзінде-ақ жастар газеті қал-қадірінше ақтаңдақтар төңірегінде там-тұмдап болсын өзінше ой білдіріпті-ау.

Ж. Е: — Комсомолдың ізашарлары хақында өзің де біраз дүние жаздың емес пе? Айтуға ыңғайсызданып отырған шығарсың...

Ж. Д: — Иә, «Ленжастың» қабырғасында жүргенде таза комсомол өміріне қатысты жазған деректі публицистикалық туындыларымнан құралған «Комсомол билеті № 28», «Жастық шақ» деген екі кітабым «Жалын» баспасынан шықты ғой.

Ж. Е: — Қалай десек те «Лениншіл жас» кезінде уақыттан оза шапқан газет болды. Оған ешкім күмән туғызбас. Жалын жастар ортасы марғаулықты, жайбасарлықты әсте көтермесе керек. Сондықтан да үнемі қаламын ұштап, сергек жүретін жас журналистер газет геройларын іздеп табуда, қайталанбас тұлғаларды дер кезінде дөп танып, оларды қалың оқырманға, өзгелерден бұрын таныстыруда ұшқырлық байқататын.

Ж. Д: — Әлбетте, арыға бармай-ақ, газеттің бетінде тұңғыш рет жазылып, жұртшылыққа өнегелі ісі мен үлгілі еңбегі көрсетіліп, насихатталған талай-талай жас түлектердің дені бұл күнде есімдері республикаға, қала берді елімізге белгілі азаматтар болып жүргені қаншама?!

Ж. Е: — Бірер мысал келтіре кетсек қайтеді? Әңгімеміз құрғақ сөз болмасын. Оның үстіне оқырмандар арасында дәлелсіз қылаудай сөзге иланбайтыны да кездеседі...

Ж. Д: — Несі бар, айтсақ айтайық. Белгілі жазушымыз Болат Бодаубаев Қарағанды облысында «Лениншіл жастың» өз тілшісі болып жүрген кезінде алғашқы қазақ металлург жігіттерінің бірі, Қазақстан Магниткасына комсомолдық жолдамамен келген топ комсоргі Нұрсұлтан Назарбаев туралы бірінші болып материал жариялады. Ал бұл геройымыздың қазір Қазақстанның тұңғыш Президенті екенін бүкіл әлем біледі. Сол секілді заңғар жазушымыз Шыңғыс Айтматовтың «Жәмиласы» да тұңғыш рет біздің газетте жарық көрген жоқ па? Мақтауға тұра ма? Меніңше, тұрады!

Журналист жол-сапардың адамы. «Жүргенге жөргем ілінеді» — соларға арнап айтылғандай. Шаршап-шалдыққан, «баспаған жері, шықпаған тауы» қалмаған журналист онысынан ұтпаса, ұтылмайтынын көріп те жүрміз. Жалпы, журналист соның бәрін өмірден, күнбе-күнгі тіршілік тынысынан іздейді. Бұл жердегі ең басты жол сілтеуші — еңбекші хаттары.

Ж. Е: — Өзің айтқандай, қаламын қайраған жігіттер бірінен соң бірі хат бөліміне кіріп қандай қызық хаттар бар деп сұрайтын. Ақыры мұның өзі жақсы идеяға ұласып, «Қызық хаттар» сағаты белгіленгені есіңде ме? Әр аптаның сәрсенбі күні елең еткізер хаттар іріктеліп, редактордың алдына әкелінетін. Тура сол жерде әркім өзінің болашақ жазатын тақырыбын еншілеп, іле командировкаларға бұйрық беріліп жатушы еді ғой. Бейтаныс кейіпкерлеріңмен жүздескенше асығатының да шындық. Қазір көптеген газет-журналдар өзіміз сөз етіп отырған еңбекші хаттарына құлықсыз қарайтын секілді. Тіпті кей басылымдардан «хаттарға жауап жазу міндетті емес деп есептейміз» деген ескерту-құлақтандыруды оқығанда еріксіз қынжылады екенсің. Бұл қалай? Өмірдің өзегі, тіршіліктің көзі осы хаттарда жатыр емес пе? Еңбекші хаттарынсыз газет толыққанды, оқырманын баурап аларлық дүниелерді ұсынуы мүмкін бе?

Ж. Д: — Хат демекші, оқтын-оқтын оқырман хаттарына тұтас нөмірлер арналатын ол кезде. Әр стильде, әртүрлі сезімге толы, әрқилы жастағы оқырмандар хаттары ғажайып сырларға толы болушы еді. Оны секретариаттың жігіттері ойнатып тұрып, мерекелік нөмірден кем етпей үкілеп, безендіріп шығаратынымыз қайда?

Ж. Е: — Секретариат дейсің. «Ленжастың» өзіндік тағы бір ерекшелігі, қызметке жаңадан тұрған журналистерді ең алдымен макет сызуға салып, «пісіріп» алатын. Бұл өзі жігіттерді бесаспаптыққа баулитын жақсы дәстүр. Секретариат сынынан біраз жігіттер өттік емес пе? Екеуміз де секретариат көрігінде тәуір-ақ шыңдалдық. Әскер Исақов, Эрнест Төреханов, Жарылқап Бейсенбаев, марқұм Тұрарбек Бұшпақбаев, Қайырбек Асанов, Алашыбай Есмағамбетов.., қай-қайсысы да «бас штабтың» ұңғыл-шұңғылын, газетті көркемдеудің техникасын жетік білетін талантты да дарынды журналистер. Кейін басқа бөлімдерде істеп жүрген кездерінде олар өз жазғандарын өздері макетке салып, жұтындырып беретін еді. Маңдайы жарқыраған талай материалдар жоғарыдағы жігіттердің қолымен макетке салынып, әр жолы есептеліп, қиылып-қысқарудан аман өтіп жатты. Газетте істегендер макетшілердің қолында қандай құқ пен мүмкіндіктің барын жақсы біледі. Газеттің ажары солардың ұшқыр қиялына тәуелді, ертеңгі шығар нөмірдің бет-бейнесін көргіштігіне байланысты. Газетті киіндіру де — өнер. Орынды қойылған оймақтай штрих, ұтқыр пайдаланылған әр сызық бүкіл нөмірдің кескін-келбетін даралап тұрады. Киоскілерде жатқан кейбір басылымдарды оның атын көрместен-ақ ажырату қиын емес. Демек, ол газеттің өзіне ғана тән бет-бейнесінің болғаны. Осы тұрғыдан келсек әуелден-ақ «Ленжастың» да бөлекше келбетінің бар екенін айтқан жөн.

Ж. Д: — Қарап отырсақ, газеттегі кейбір клубтардың арысы жиырма, берісі отыз жылдан бері жасап келеді екен. Осындайда кейбір клубтардың қалай өмірге келгені еске түседі. Ілгері толқыннан қалған ізгі дәстүр болар, клубтардың аттарын ойлап табу, оның тұсауын кесу өзінің сәбиіне ат қойғанмен бірдей қастерленетін. Сәтті тауып қойылған клубтың аты — редакция үшін айрықша қуаныш еді-ау. Жігіттер бөлім-бөлім болып шығармашылық жарысына түсіп жататын, шарқ ұрып ізденетін. Жүректен туған—жүректерге жетеді. «Өркен» мен «Арай» клубтарының тұсауы алпысыншы жылдары кесілген. Тіпті, өзіміз мектеп қабырғасында жүргенде тырнақалды дүниелерімізді осы отаулар көтерген диспуттарға үн қосудан бастағанбыз. Енді Жанат, есіңе қазіргі «Ақшам» бетінің қалай пайда болғанын түсіре кетейін. Аптаның аяғына қарай «Кеш жарық» деген тақырыпшамен сенбілік бет берілетін еді ғой. Бір күні редакторымыз, жаңалыққа жаны құмар, ойға шоқ тастағыш, мақалаңдағы ұнаған бір сөзіңнен бүтін бір шапқаны, я болмаса тақырып тауып беріп, қолыңа ұстататын Сәкең: «Осы беттің атын өзгертсек қалай қарайсыңдар, жігіттер?» — деп сол қолымен алдындағы сенбілік беттің шекесіне үлкен сұрау белгісін қонжитты. Жігіттер түсінді. Өйткені, барша газетте осындай сенбілік беттер бар. Ал «Ленжастың» ешкімді қайталамауы керек, ешкімге ұқсамауы керек. Мұндайда, әрине, жігіттер жанып түседі. Содан ал ойланайық... Тапқан адам отыра ма? Ақырын басып, асықпай толғанатын «Огонектің» жүлдегері, айтқанынан қайтпайтын Аян Нысаналин бір парақ қағазға «Ақшам» деп сойдақтатып жазып редактордың алдына сырғыта салмай ма? Тәуір нәрсе жүрекке бірден дөп тиеді ғой. Дау да туғызбады. Ал мұны қалай береміз, деген сауал туды артынша. Өйткені, ол кезде жоғарыдағы орындар газетті тырп еткізбей қадағалап, бақылап отыратын. «Мыналарың діни сөз, мұны қайдан тауып алдыңдар?» деп шыға келері сөзсіз. Сәкең сонда секретариаттың «мықтыларына» осыны білдірмейтін, білсе де дәлелдей алмайтындай етіп қыбын табыңдар деді. Ақыры жолын да таптық. «Ақ шам» деген сөздің арасын сәл ажыратыңқырып жазатын болдық. Кәдімгі «ақ шам» деген қарапайым мазмұнды береді. Ал, түпкі ойымыз кешкі мезгілді білдіретін «Ақшамды» сақтап қаламыз. Сөйтіп «Ақшам» осылай өмірге келді. Кейін арасын қосып жібердік. Көзге де, көңілге де ыстық. Бұл бір ғана мысал.

Ж. Е: — Кейбір көкейкесті ушығып тұрған тақырыптарды диспуттарға айналдырып жіберу де сол кездің үрдісіне тән болатын. Мәселен, қазіргі «жетім бұрыш» тақырыбы 1969 жылы «Пәтер көрген жерің бар ма?» деген диспутқа ұласты. Сонымен бірге әдет-ғұрып, ата-дәстүр, семья беріктігі, жастардың тәлім-тәрбиесі, жұмысшы мамандығы, студенттер өміріне қатысты толғақты мәселені қозғаған сан-алуан пікірсайыстар кезінде қалың оқырман қауымды дүр сілкіндіргені анық. Бірін айтып біріне кетеміз. Жаңағы жоғарыдағы сөзіңді одан әрі жалғастырар бір қызық дерек мені толқытып отыр. Есіңде ме, журналист жігіттер жаңа рубрикалар ойлап табуда жандарын салып ізденіп қана қоймай, дүниеге келген өз сәбилерінің есімдерін де сол айдарлармен атауды дәстүрге айналдырған еді. Мұның өзі «Ленжасқа» деген сүйіспеншілік шығар. Осы орайда оқырмандар біле бермейтін сыр ұшығын шығарайын. Газет қызметкері Қайырбек өзінің қызының атын Жазира деп қойды. Ауыл жастарына арналған осындай клуб бар болатын. Ал өткен жылы республикалық қыз сынында «Алатау аруы» атанған Жазира Асанова — әкесі Қайырбек ертіп келіп секретариатта макет шимайлап отыратын өзіміздің кішкентай Жазира. Клубтар мен айдарлардың аттарын еншілеген басқа да өрендер — бұл күнде зіңгіттей-зіңгіттей жігіттер, сүйкімді де сұлу қыздар болып өмір сүріп жатыр.

Ж. Д: — Іске жауапкершілікпен, адалдықпен қарау да жақсы журналист болам деушіге ауадай қажет қасиет. Бұл жағынан алғанда газетте небір қарымды журналистер, жайсаң жігіттер тер төкті ғой...

Ж. Е: — Мен сенің сөзіңді тағы да бөлгім келіп тұр, Жақау. Өзіміз өкшесің басқан, кезінде «Ленжаста» қатар еңбек еткен Мәткерім Әкімжанов, Кәрібай Ахметбеков, Қуанышбай Құрманғалиев, Рашит Рахымбеков, Төлен Қаупынбаевтар есімдерін ауызға алмай кетсек білместігіміз санар. Әрі бұлар да бүкіл әңгімемізге өзек етіп отырған жауапты да ауыр жүкті қиналмай көтергендер...

Ж. Д: — Тек оқырмандарымыз бізді дұрыс түсінсін делік. Той үстіндегі тізім толтырушылық емес, қайта жастар газетінен қандай түлектердің ұшып шыққанын байқасын деген ниетіміз ғой. Әдебиет әлеміне өзіндік қолтаңбаларымен келіп отырған замандастарымыз Марат Қабанбаев, Әшірбек Көпішев, Жұмағұл Солтиева, Бақыт Сарбалаевтардың да «Ленжастың» көрігінен өткенін ұмытпалық.

Ж. Е: — Газеттің туған күніне қатысты сыр ұшығын да айтып кетпейсің бе, орайлы тұста? Біреу — білер, біреу — білмес...

Ж. Д: — Айтпақшы, тағы да аузыма сөз салдың. Сенің айтып отырғаның басылымның шекесіндегі «1921 жылдың 22-наурызынан шыға бастады» деген сөз ғой. Ендеше, оның сырын оқырмандар да білсін. Газетте жоғарыдағы сілтеме тек 1967 жылдың орта шенінен бастап нақты көрсетілген. Оған дейін «1922 жыл» деп, бірақ айы, күні көрсетілмей жазылатын. Өзің білесің, «Лениншіл жас» жігіттерінің ізденіп, шұқынып жүретінін. Бірдеңені бастаса түбіне жетпей тыншымайтын әдеттері. Бірде, газетіміз қай күні туған деген заңды сұрақ туады. Ешкім білмейді. Бұл қалай дейді, неге анықтамаймыз дейді. Содан ал кеп ізде? Ал кеп сұрастыр, ал көп ақтар. Ардагерлерді адақтап сұрау салады. Архивтердің шаңын көтереді... Мәскеуге, Тәшкенге барады... Ақыры еңбектері зая кетпей табады. Сөйтсе, қазақ жастарының тұңғыш газеті — «Жас алаш» («Молодой казах») деген атпен 1921 жылы 22 наурыз күні шыққан екен. Тұңғыш редакторы — Ғани Мұратбаев. Ендігі мәселе осы деректі жоғарыға қалай жеткізіп, қалай иландыру керек дегенге тіреледі. Өйткені, ол кезде АЛАШ деген сөзді ауызға алудың өзі күнә, қылмыс, барып тұрған ұлтшылдық саналады. Үлкен ЦК-ның да, кіші ЦК-ның да шошып кетері анық. Бірақ жігіттер белді бекем буады. Қолдарындағы бұлтартпайтын дерекке сүйенеді. «Жас алаштың» тұңғыш екенін, бір жылдан соң газеттің әртүрлі себептерге (әртүрлі себептер дегені — сол кезде де «алаш» сөзінен қашқан секілді) байланысты «Жас қайрат» болып Ғанидың редакторлығымен шыға бастағанын дәлелдейді. Содан журналистер «Жас қайрат» атауын алға тартқан. Жоғары жақ бұл атаудан секем аларлық ештеңе көрмейді, ақыры келісім беріп рұқсат етеді. Сөйтіп, 1967 жылдың 22 шілде күнгі саны — мерекедегідей қызыл бояумен безендіріліп, тұңғыш рет **«Газет 1921 жылдың 22 наурызынан шыға бастады»**, — деген сілтемемен жарық көреді. Міне, осылайша алау жүректер «Лениншіл жастың» тағы бір жасқа есейтіп ерлейді...

Ж. Е: — Бұл да шындыққа ұмтылудан әсте танбаған «Лениншіл жасқа» тән қасиет-ау. Ал «Жас алаштың» алғашқы саны қандай ұранмен шықты екен?

Ж. Д: — «Дәуір мен өмірдің қожасы болу үшін біздер ынтымақты, бірауызды болуымыз керек. Оян, бірік, Шығыстың шаруа жастары!» — 1925 жылы Мәскеуде араб қарпімен шыққан «Біздің Ғани» атты естеліктер кітабында отызға енді ілінген Ілияс Жансүгіров осылай деп жазыпты ғой алғашқы нөмір жайлы.

Ж. Е: — Өз мәнін жоғалтпаған бұл ұран бүгінгі уақытпен де үндесіп тұрған тәрізді. Оны жаңарған жас ұрпақтың «Егер, біз лаулап жанбасақ!» деген жүрек үнімен жалғастырып әкетсе де жарасымын тауып кетер еді...

Ж. Д: — Ақыл айтудан аулақ болайық. Бүгінгі сана-сезімі, ой-өресі биік тоқсаныншы жылдардың ұрпағы толғанар ұрандар да, ұлы істер де жетерлік... Ендігісін өздері білсін... Оны уақыт өзі сараптайды.

Ж. Е: — Біраз жәйттің басы қайырылды-ау деймін... Аз айтсақ азырқанбас, көп сөйлесек кешірер жас оқырман. Ұзақ жолды — ұзақ шежірені, жиырма бірден — тоқсан бірге дейінгі, тұңғыш редактор Ғанидан қазіргі редактор Уәлихан Қалижановқа дейінгі аралықта алып қарайтын болсақ, біздің бұл екеуара сұхбатымыз әншейін бір үзік тамшы ғой...

Ж. Д: — Өткенін ұмытқаннан өнеге күтпе деген бар... Әр ұрпақтың өткенін ұмытуға қақысы жоқ.

Ж. Е: — Ендеше, Ұлыстың ұлы күні дүниеге келген «Жас алаштың» — жасамыс «Лениншіл жастың» жүрегі қартаймасын, жалыны пәсеймесін, ғұмыры ұзақ болып, өмір көгінде жасындай жарқылдай берсін дейік!

— Аумин...